

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 284-ө
өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 8 қарашадағы N 317-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды бақылау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 284-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Құрылыс істері жөніндегі комитет) тиісті аумақтық сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармаларының" деген сөздер "облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті сәулет-құрылыс бақылау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші, төртінші, бесінші абзацтар алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ай сайын Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат берсін";

2-тармақ алынып тасталсын;

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің аумақтық басқармалары" деген сөздер "облыстық, Астана және Алматы қалаларының жергілікті сәулет-құрылыс бақылау органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

Премьер-Министр